

"Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 661 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 тамызда № 21063 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 мамырдағы № 246 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 22.05.2025 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10762 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары" деген 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 661 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 179 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Р/с №	Мемлекеттік органның атауы	Лауазымның атауы	Автомобильдер саны		Қозғалтқыш көлемі, текше сантиметр (автобустардан басқа)	1 автомобильді ң бір айдағы жүруі (километр)
			қызметтік (1 бірлік)	кезекші		
1	2	3	4	5	6	7
1		Премьер-Министр	1			3100
		Мемлекеттік хатшы	1			3100
2	Президент Әкімшілігі	Президент Әкімшілігінің Басшысы	1			3100
		Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары	1			3100
		Президенттің көмекшісі- Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы	1			3100
		Президенттің көмекшісі	1			3100
		Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары	1			3100
		Президент Кеңесінің бастығы	1			3100

		Президенттің Баспасөз хатшысы	1			3100
		Президенттің Протокол бастығы	1			3100
		Президенттің Парламенттегі і өкілдігінің басшысы	1			2500
		Нұр-Сұлтан қаласында көліктік қызмет көрсету	16*****	1*****		2600
		Алматы қаласында	1*****	6*****		2600
		Қонақтарға арналған		25		***
3	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Кеңсесі	Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президенті - Елбасы Кеңсесінің Басшысы	1*****			3100
		Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президенті - Елбасының көмекшісі	1			3100
		Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президенті - Елбасы Кеңсесі Басшысының орынбасары	1***** *			2500
		Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президенті - Елбасының Баспасөз хатшысы	1			3100
		Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президенті -				3100

		Елбасының Протокол бастығы	1			
		Нұр-Сұлтан қаласында көліктік қызмет көрсету	7	2		2600
		Алматы қаласында	1	1		2600
		Қонақтарға арналған		2		2600
4	Президенттің Іс басқармасы	Президенттің Іс басқарушысы	1			3100
		Президенттің Іс басқарушысы ның орынбасары	1			2600
		Аппарат, ведомство басшысы	1			2600
5	Парламент Аппараты	Парламент Палатасының аппарат басшысы	1			2000
		Парламенттің аппарат басшысының орынбасары	1			2000
6	Премьер-Мин истрдің Кеңсесі	Премьер-Мин истрдің орынбасары	1			3100
		Премьер-Мин истр Кеңсесінің Басшысы	1*****			3100
		Премьер-Мин истрдің Кеңсесі Басшысының орынбасары	1			2000
		Алматы қаласында көліктік қызмет көрсету	12	1		2600
		Қонақтарға арналған		14		***

7	Конституциял ық Кеңес	Төраға	1			3100
		Конституциял ық Кеңес мүшелері	1			2000
		Конституциял ық Кеңес аппаратының басшысы	1			2000
8	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі	Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы	1			2600
		Жоғары Сот Кеңесі апаратының басшысы	1			2000
		Төраға	1			2600 ***** ***
		Төраға орынбасары	1			2600
		Е с е п комитетінің мүшелері	1			2600
		Орталық сайлау комиссиясын ың хатшысы мен мүшелері		5-ке 2 бірлік		2600
		А д а м құқықтары жөніндегі уәкіл	1			2600
		Есеп комитеті аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы н ы ң Мемлекеттік қызмет істері агенттігі аппаратының басшысы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ((Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)				2000

9	Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл)	аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі аппаратының басшысы	1			
		Жоғарғы Соттың Төрағасы	1			2600
		Жоғарғы Сот алқасының төрағасы	1			2000

		Жоғарғы Соттың судьялары		3-ге 1 бірлік		2600
10	Жоғарғы Сот	Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы	1			2000
		Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының орынбасары	1			2000
11	Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген соттар	Сот төрағасы	1			2600
		Сот алқасының төрағасы	1			2600
12	Аудандық және оларға теңестірілген соттар	Сот төрағасы	1			2600
13	Бас прокуратура	Бас прокурор, Бас әскери прокурор	1			2600*****
		Бас прокурордың (Бас әскери прокурордың) орынбасары, Бас прокурордың аппаратының басшысы	1			2600

		Б а с прокуратура жанындағы Комитет төрағасы	1			2000
		Б а с прокуратура жанындағы Комитет төрағасының орынбасары	1			2000
14	Облыстық (республикалы қ маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген прокуратурал ар	Прокурор	1			2600
		Прокурордың орынбасары	1			2600
15	Аудандық және оларға теңестірілген прокуратурал ар	Прокурор	1			2600
16	Министрлікте р	Министр	1			2600***** **
		Министрдің орынбасары	1			2600
		Жауапты хатшы	1			2600
17	Облыстардың , республикалы қ маңызы бар қаланың және астананың әкімдіктері	Облыс (республикалы қ маңызы бар қала, астана) әкімі	1			****
		Облыс (республикалы қ маңызы бар қала, астана) әкімінің бірінші орынбасары, орынбасары	1			****
		Облыс (республикалы қ маңызы бар қала, астана) әкімінің аппарат басшысы	1			****

		Қонақтарға арналған		2		****
18	Аудан облыстық маңызы бар қала) әкімдіктері	Аудан облыстық маңызы бар қала) әкімі	1			****
		Аудан облыстық маңызы бар қала) әкімінің орынбасары	1			****
		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімі	1			****
19	Жергілікті өкілді органдар	Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихат хатшысы	1			2600
		Аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат хатшысы	1			2000
20	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрағасы	1			*****
		Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының мүшелері		2-не 1 бірлік		*****

21	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда, мемлекеттік органдардың орталық аппаратын көліктік қамтамасыз ету қызметкерлерінің саны					
	100-ге дейін			1 ***** ***	3000-нан көп емес	***
	100-ден 200-ге дейін			2*****	3000-нан көп емес	***
	200-ден 300-ге дейін			3	3000-нан көп емес	***
	300-ден 500-ге дейін			4*	3000-нан көп емес	***
	500-ден 900-ге дейін			5	3000-нан көп емес	***
	900-ден 1300-ге дейін			7	3000-нан көп емес	***
	1300-ден			9	3000-нан көп емес	***
22	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда, қызметкерлерінің саны:					
	100-ге дейін			1	3000-нан көп емес	***
	100-ден 200-ге дейін орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін					

	е және олардың облыстардағы , республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы** ведомстволарына көлік қызметін көрсету			2	3000-нан көп емес	***
23	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасын, сондай-ақ , арнайы көлігі барларын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін е және олардың аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) ведомстволарына көлік қызметін көрсету			1	3000-нан көп емес	***
	Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарға көлік қызметін көрсету *****					
	Ақмола облысы			306	3000-нан көп емес	*****
	Ақтөбе облысы			216	3000-нан көп емес	*****

24	Алматы облысы			306	3000-нан көп емес	*****
	Атырау облысы			141	3000-нан көп емес	*****
	Шығыс Қазақстан облысы			306	3000-нан көп емес	*****
	Жамбыл облысы			186	3000-нан көп емес	*****
	Батыс Қазақстан облысы			216	3000-нан көп емес	*****
	Қарағанды облысы			291	3000-нан көп емес	*****
	Қостанай облысы			321	3000-нан көп емес	*****
	Қызылорда облысы			141	3000-нан көп емес	*****
	Маңғыстау облысы			126	3000-нан көп емес	*****
	Павлодар облысы			216	3000-нан көп емес	*****
	Солтүстік Қазақстан облысы			231	3000-нан көп емес	*****
	Түркістан облысы			224	3000-нан көп емес	*****
	Нұр-Сұлтан қаласы			35	3000-нан көп емес	*****
	Алматы қаласы			40	3000-нан көп емес	*****
	Шымкент қаласы			22	3000-нан көп емес	*****
25	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына көліктік қызмет көрсету			1	2600-ден көп емес	*****
	Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың,					

26	астананың бюджеттеріне н қаржыландыр ылатын жергілікті өкілді органдарға көлік қызметін көрсету		1	3000-нан көп емес	***
----	---	--	---	----------------------	-----

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі үшін сыртқы саяси органның ерекшелігін ескере отырып, саны 5 бірлікте, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі үшін 7 бірлікте қызметтік автомобильдердің заттай нормаларын белгіленсін;

** бұл заттай нормасы мемлекеттік органдардың облыстардағы филиалдарына, Байқоңыр қаласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне де қолданылады;

*** мемлекеттік органдар көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін жүру лимиттерін дербес, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2600 километрден асырмай белгілейді;

**** жергілікті атқарушы органдар үшін жүру лимиттері облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады;

***** жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдар бөлінісінде автокөлікті бөлу, сондай-ақ олар бойынша жүру лимитті айқындау облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады;

***** Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы үшін саны 5 бірлік, хаттамалық іс-шараларды дайындауға байланысты қызмет ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттары үшін саны 7 бірлік кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін;

***** облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары үшін жүру лимиттері облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімі бойынша айқындалады;

***** осы заттай нормасы "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты" мемлекеттік мекемесінің және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің директорына да қолданылады;

***** Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві" мемлекеттік мекемесі үшін - 2 бірлік;

***** Есеп комитетінің төрағасы, Бас прокурор, Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрлеріне көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін көліктің 1 бірлігіне айына 3100 километрден аспайтын жүру лимиттері белгіленсін;

***** осы заттай нормасы "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына да қолданылады;

***** осы заттай нормасы "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасы" мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарларына да қолданылады;

***** осы заттай "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемелеріне де қолданылады, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі үшін саны 2 бірлік, оның ішінде 1 бірлік Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құрамына көліктік қызмет көрсету үшін және 1 бірлік Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты үшін кезекші автомобильмен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін.

Осы заттай нормалары Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, арнайы мемлекеттік органдарға және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қолданылмайды.

Осы заттай нормаларындағы қызметтік автомобильдерге арналған жүру лимиті мемлекеттік мекеменің басшысын, мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарын, орталық атқарушы органның жауапты хатшысын жақын елді мекендерге қызметтік автокөлікпен іссапарға жіберген жағдайлардағы жүруді қамтымайды.